

ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
33-қосымша

**Бастауыш білім беру деңгейінің 1–4-сыныптарына арналған
«Бейнелеу өнері» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы**

Түсінік хат

Оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығымен бекітілген бастауыш және негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35670 болып тіркелген).

«Бейнелеу өнері» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын іске асыруды, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген мазмұн арқылы білім алушылардың дүниетанымы мен адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарламаның мазмұны білім берудің бастапқы деңгейін меңгеру процесінде білім алушылардың негізгі базалық құзыреттіліктерін қалыптастыруға және дамытуға бағытталған. Атап айтқанда: өзін-өзі дамытуға қабілеттілік, тілдік-коммуникативтік құзыреттілік, мәдени-әлеуметтік бейімделу, еңбекке қабілеттілік, оқу-танымдық белсенділік, зерттеушілік бастамашылық және ақпараттық технология сауаттылығы.

Пәннің құрылымы мен мазмұны құндылықтарға негізделген мазмұндық ұғымдар негізінде құрылады.

«Бейнелеу өнері» оқу пәнінің мақсаты: білім алушыларда көркем-қиялды ой-өрісін дамыту, ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген мәдениетке, өнерге, шығармашылыққа баулу.

«Бейнелеу өнері» оқу пәнінің міндеттері:

1) оқыту мен тәрбиенің бірлігі негізінде білім алушылардың өнерге деген қызығушылығын қамтамасыз ету;

2) білім алушылардың бойында қоршаған ортадағы заттарды көркемдік тұрғыдан (түс, пішін, фактура, ырғақ, композиция) бақылау және саналы

қабылдау дағдыларын дамыту; табиғат пен материалдық дүниедегі эстетикалық құндылықты көру қабілетін дамыту;

3) тәжірибелік көркем іс-әрекеттер арқылы бейнелеу өнеріне деген танымдық қызығушылығын дамыту, мәнерлі құралдарды меңгерту, шығармаларды талқылау және визуалды бейнелерді талдауға арналған тапсырмаларды орындау;

4) бейнелеу, сәндік-қолданбалы, сәулет, мүсін және дизайн өнерінің туындыларын қабылдай білуге тәрбиелеу;

5) білім алушылардың есте сақтау қабілетін, ассоциативті ойлауын және көркем шығармашылық қабілеттерін дамыту;

6) монументалды өнер ескерткіштерінің, сәулет өнерінің және тарихи ескерткіштердің атауларымен таныстыру;

7) білім алушыларда сәулет, кескіндеме, графика, мүсін, халық өнері және дизайн өнерінің мәдениет қайраткерлерінің шығармашылығымен өзара байланысы негізінде бейнелеу өнеріне деген эстетикалық талғамды, эстетикалық көзқарасты және тұрақты қызығушылықты дамыту;

8) қиялдағы бейнені бейнелеуде жазықтықта және заттардың көлемінде көркем шығармашылықтың түрлі тәсілдерін игеру үдерісімен таныстыру; білім алушыларға практикалық көркемдік қызметте тәжірибе жинауды қамтамасыз ету;

9) Қазақстанның және әлемнің бейнелеу өнері өкілдерін, сондай-ақ олардың өнер туындыларын таныстыру;

10) бейнелеу өнері, сәндік-қолданбалы өнер, сәулет және дизайн салаларындағы өнер туындыларының айырмашылығын анықтау; осы өнер түрлерінің адам және қоғам өміріндегі орны мен маңызын анықтау.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1. «Бейнелеу өнері» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі:

- 1) 1-сыныпта-аптасына 1 сағат, оқу жылында 33 сағат;
- 2) 2-сыныпта-аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
- 3) 3-сыныпта-аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
- 4) 4-сыныпта-аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

2. «Бейнелеу өнері» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы құндылыққа, тұлғаға бағдарланған, құзыреттілік, конструктивистік, іс-әрекеттік, коммуникативтік, инклюзивті тәсілдерді қолдана отырып іске асырылады.

3. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестердің ұсынымдарына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін олардың мүмкіндіктерін ескере отырып бейімделеді.

4. «Бейнелеу өнері» пәнін ұйымдастыру білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, заманауи білім беру технологиялары мен ресурстарын ұтымды пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Оқу процесіне жасанды интеллект енгізу.

Жасанды интеллект білім беру процесіне өнер туындыларын, стилистиканы және түстерді талдау құралы ретінде, сондай-ақ композиция мен пішіндермен тәжірибе жасау үшін енгізіледі. Білім алушыларға цифрлық технологияларға жауапкершілікпен қарау дербес көркемдік іс-әрекетті қалыптастыратынын және ЖИ-ті қолдану толықтыратынын, бірақ алмастырмайтынын атап өту маңызды.

Ақпаратты іздеу және синтездеу дағдыларын дамыту әртүрлі дәуірлердегі өнермен танысу үшін электрондық кітапханаларды, цифрлық мұражайларды және мультимедиялық ресурстарды пайдалануды қамтиды. Көрнекі және мәтіндік деректерді талдау шығармашылық жұмыстарда тереңірек түсіндіруге ықпал етеді.

Білім мен дағдыларды біріктіру бейнелеу өнерін технологиямен, тарихпен және қоршаған әлеммен біріктіретін пәнаралық тәсілдерден көрінеді.

5. Оқу-тәрбие процесінде ынтасын арттыратын, көркемдік іс-әрекетке қызығушылығын дамытатын, білім алушылардың қиялын, бастамасы мен тәуелсіздігін ынталандыратын ойын және шығармашылық әдістерді қолдануға болады.

6. Оқу процесі білім алушылардың ынтасын арттыруға, танымдық қызығушылығын дамытуға, эстетикалық талғамын, көркемдік ойлауы мен шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған шығармашылық тапсырмаларды орындауды қамтиды.

7. Бағдарламаның оқу мақсаттары негізінде сабақ мақсаттарын жүзеге асыруда негізгі құндылықтарды енгізу бойынша ұсынымдар:

1) тәуелсіздік және патриотизм: Қазақстанның мәдени мұрасы негізінде өнер туындыларын зерттеу мен жасауға байланысты тапсырмаларды енгізу.

Бейнелеу өнерінің ұлттық болмысты қалыптастырудағы рөлі туралы пікірталас ұйымдастыру.

Шығармашылық жобалар (халық ертегілеріне иллюстрациялар жасау, дизайнда ұлттық ою-өрнектерді қолдану және басқа) арқылы туған елдің тарихы мен мәдениетіне қызығушылықты дамыту.

2) бірлік пен ынтымақ: бірлесіп талқылауды және жауапкершілікті бөлуді талап ететін топтық жобаларды жүргізу (ұжымдық паннолар, коллаждар, бірлескен композициялар).

Қазақстан және әлем халықтарының түрлі көркемдік дәстүрлеріне құрметпен қарауды қалыптастыру.

3) әділдік пен жауапкершілік: өзін-өзі объективті бағалау және сындарлы сын негізінде сыныптастарының жұмысын бағалау дағдысын бекіту.

Еңбек нәтижелері үшін жеке жауапкершілікті түсінуге және көркемдік қызметтегі мінез-құлық нормаларын сақтауға бағытталған тапсырмаларды қосу

4) заң және тәртіп: өнер мұражайлары мен галереялардағы тәртіп ережелерін түсіндіру.

Өнердегі авторлық құқық, мәдени мұраны қорғау туралы түсініктерін дамыту.

Авторлық сананы, басқа адамдардың шығармаларына құрметпен қарауды және мәдени құндылықтарды қорғауды дамыту.

Топпен жұмыс істеу ережелерін сақтауға, көркем материалдарға ұқыптылықпен қарауға, шығармашылық жобаларға қатысуға жауапкершілікпен қарауға үйрету.

5) еңбекқорлық пен кәсібилік: көркемдік дағдыларды дамытуда жүйелі жаттығулардың маңыздылығын атап өту.

Бейнелеу өнері және дизайн саласындағы әртүрлі мамандықтармен таныстыру сабақтарын өткізу.

Жұмыс кеңістігі мен материалдарға ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастыру.

6) жасампаздық және инновация: ассоциация, импровизация және көркем материалдармен тәжірибе жасауға арналған тапсырмалар арқылы шығармашылық ойлауды дамытуды ынталандыру.

Көркем шығармашылықта заманауи технологияларды (цифрлық «Графика», жасанды интеллект, VR/AR) пайдалануды ынталандыру.

Білім алушылар өздерінің шығармашылық қабілеттері мен инновациялық шешімдерін көрсете алатын балалар жұмыстарының көрмелерін ұйымдастыру.

8. Өнердің адам өміріндегі орнын түсінуге көмектесу арқылы өз туындыларын көпшілік алдында көрсету және сипаттама беру дағдыларын дамыту.

2-параграф. Оқу пәнінің мазмұны

9. «Бейнелеу өнері» пәнінің оқу бағдарламасының мазмұны бөлімдерге бөлінген. Бөлімдер сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер түріндегі оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

10. Әр бөлімшеде көрсетілген оқу мақсаттары мұғалімге білім алушылармен жұмысты жүйелі түрде жоспарлауға, сондай-ақ олардың жетістіктерін бағалауға және оқытудың келесі кезеңдері туралы хабардар етуге мүмкіндік береді.

11. Оқу пәнінің мазмұны 4 бөлімнен тұрады:

1) «Бейнелеу сауаттылық негіздері» бөлімі шығармашылық идеяларды практикалық іске асыруға арналған құралдарды ұсынады;

2) «Көркем қызмет түрлері» тарауында өнердің жан-жақтылығы, жанрлары, композициялық принциптері, ырғағы, бояуы мен көлемі ашылады.

3) «Қоршаған әлем» бөлімі табиғатты байқауға, мәдени дәстүрлерге және қоршаған әлемді эмоционалды қабылдауға бағытталған;

4) «Шығармашылық» бөлімі дербес көркемдік қызметте білім мен дағдыларды қолдануға бағытталған.

12. Әрбір бөлім келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) «Бейнелеу сауаттылық негіздері» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды: өнер туындыларын қабылдау; графика; кескіндеме; мүсін; сәндік-қолданбалы өнер; дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу);

2) «Көркем қызмет түрлері» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды: өнер туындыларын қабылдау; графика; кескіндеме; мүсін; сәндік-қолданбалы өнер; дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу);

3) «Қоршаған әлем» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды: графика; кескіндеме; мүсін; сәндік-қолданбалы өнер; дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу);

4) «Шығармашылық» бөлімі мынадай келесі бөлімшелерді қамтиды: графика; кескіндеме; мүсін; сәндік-қолданбалы өнер; дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу)

13. «Көркем сауаттылық негіздері» және «Көркемдік қызмет түрлері» бөлімдері «Өнер туындыларын қабылдау» бөлімшесін қамтиды, бұл бөлімдерде бейнелеу өнері ұғымдары, оның адам өміріндегі маңызы, сондай-ақ көркем шығармаларды қабылдау процесінің ерекшеліктері ашылады. Көрнекі бейнені түсінуді қалыптастыруға, мазмұн мен мәнерлі құралдарды түсінуге, сондай-ақ Қазақстан мен әлемнің көрнекті суретшілері туралы түсініктерді кеңейтуге көңіл бөлінеді.

«Қоршаған әлем» және «Шығармашылық» бөлімдерінде «Өнер туындыларын қабылдау» тақырыптардың мазмұнына органикалық түрде енеді және көркем және тақырыптық іс-әрекеттің әртүрлі формалары арқылы көрінеді.

14. «Бейнелеу өнері» оқу пәнінің 1-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) өнер туындыларын қабылдау: көркемдік іс-әрекеттің бір түрі ретінде бейнелеу өнері туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру. Қабылдауға қол жетімді қарапайым бейнелер мен пішіндермен таныстыру. Қоршаған әлемдегі заттардың кескіндерін ажырата білу дағдыларын дамыту. Бейнелеу құралы ретіндегі ұғыммен таныстыру;

2) графика: қарапайым графикалық материалдарды меңгеру (қарындаш, көмір, фломастер, борлар); сызықтармен жұмыс істеудің негізгі тәсілдерін (түзу, толқынды, дөңгелек), нүктелік техниканы, штрихтауды, контурлы суретпен таныстыру;

3) кескіндеме: түс негіздерімен таныстыру, түс шеңберін үйрену, негізгі түстерді араластыру, бояуды жақпалауды қолдану, бояумен толық бояу жұмысы;

4) мүсін: ермексазбен, сазбалшықпен, папье-машемен жұмыс; қарапайым пішіндерді (шар, цилиндр, текше) игеру, бөлшектерді біріктіру;

5) сәндік-қолданбалы өнер: ою-өрнектермен танысу, аппликациямен жұмыс істеу, қарапайым сәндік пішіндерді игеру;

6) дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу): қағазбен және картонмен жұмыс істеудің негізгі тәсілдері, қарапайым көлемді пішіндерді жасау.

15. «Бейнелеу өнері» оқу пәнінің 2-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) өнер туындыларын қабылдау: бейнелеу өнері туралы түсініктерді шындықты бейнелеу құралы ретінде кеңейту. Суреттерді қабылдау және оларда сюжетті, пішінді, түсті бөлу дағдыларын қалыптастыру. Қазақстандық суретшілердің шығармаларының үлгілерімен танысу. Суретті талдаудың қарапайым дағдыларын дамыту;

2) графика: графиканың түрлерімен танысу, көркем мәнерлілік құралдарын (штрих, дақ, рең) меңгеру, қарапайым текстураларды игеру;

3) кескіндеме: қылқалам техникасын игеру (жуу, градиент, құрғақ қылқалам), түс реңктері мен контрасттардың рөлін түсіну;

4) мүсін: көлемді фигуралар жасау, бөлшектерді жабыстыру, текстурамен жұмыс, пропорцияларды түсіну;

5) сәндік-қолданбалы өнер: табиғи пішіндерді стильдеу, симметрия мен ырғақ негіздері, өрнектер мен қарапайым сәндік композициялар жасау;

6) дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу): бүктеу техникасын меңгеру, қарапайым макеттеу, дизайн негіздерімен танысу.

16. «Бейнелеу өнері» оқу пәнінің 3-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) өнер туындыларын қабылдау: бейнелеу өнері туралы идеяларды автордың ойын жеткізу тәсілі ретінде нақтылау. Шығармалардың мазмұнын мағыналы қабылдау, суретші қолданатын бейнелеу құралдарын талдау дағдыларын қалыптастыру. Қазақстан және басқа елдердің бейнелеу өнері шеберлерінің шығармашылығымен таныстыру;

2) графика: жарық-көлеңке реңімен және градациясымен жұмыс істеу, күрделі текстураларды зерттеу, штрихтаудың әртүрлі түрлерін қолдана отырып, мәнерлі композициялар жасау;

3) кескіндеме: күрделі түстік шешімдерді қолдану, текшелеу (лессировка) техникасы, түс үйлесімдерін зерделеу, жарық-ауа перспективасын беру;

4) мүсін: көп компонентті композицияларды қалыптастыру, рельефті жабыстыру, модельдеу құралдарымен жұмыс (қалақшалар, пластикалық пышақтар, қалыптар және пластикалық материалдарды өңдеуге арналған басқа да қауіпсіз құралдар);

5) сәндік-қолданбалы өнер: күрделі сәндік өрнекті композицияларды (симметриялық және асимметриялық өрнектер, өсімдік және зооморфтық мотивтер) меңгеру, ұлттық сәндік қолөнерді (қазақ ою-өрнегі, киіз және тоқыма бұйымдарды сәндеу элементтері, ағаш пен керамикаға сурет салу) зерделеу;

6) дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу): күрделі пішіндерді модельдеу, әртүрлі материалдармен жұмыс, сәулет өнеріндегі композиция негіздерін зерттеу.

17. «Бейнелеу өнері» оқу пәнінің 4-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) өнер туындыларын қабылдау: бейнелеу өнерін қоршаған әлемге идеяларды, сезімдер мен қатынастарды білдіру құралы ретінде түсінуді қалыптастыру. Тақырыпты, композицияны, түстік шешімді ескере отырып, шығармаларды қабылдау және талдау дағдыларын дамыту. Белгілі Қазақстан және әлемдік өнер суретшілері туралы түсініктерді тереңдету;

2) графика: графикалық техникалар мен материалдарды өз бетінше таңдау, бөлшектерді жетілдіру, перспективаны, жарық-көлеңкені және контрастты ескере отырып, күрделі композициялар жасау;

3) кескіндеме: көп қабатты техниканы қолдану, түстік өрбуді нақты орындау, жарықтандыруды ескере отырып көлемді композициялар жасау;

4) мүсін: мүсіндеудің аралас әдістерін қолдану, күрделі көлемді композициялар жасау, мүсіндік бейнелерді көркемдік жобалау;

5) сәндік-қолданбалы өнер: көп қабатты композициялар, әртүрлі сәндік техникалардың үйлесімі, бояудың және түрлендірілген өрнектердің күрделі түрлері;

6) дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу): күрделі сәулеттік нысандарды жобалау, макеттер жасау, конструктивтік модельдеу техникасын игеру.

18. Оқу процесін жүйелі құру көркемдік дағдылардың біртіндеп дамуын, кеңістіктік ойлауды, өнер туындыларын талдау және шығармашылық идеяларды жүзеге асыру қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

3-параграф. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелерге бағдарланған оқу мақсаттары

19. Үлгілік оқу жоспарында күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізу оқу мақсаттарының жүйесімен қамтамасыз етіледі, олар оқу пәнінің мазмұнын анықтауға негіз болады.

20. Бастауыш білім беру мазмұнын меңгерудің күтілетін нәтижелері білім алушылардың азаматтық-патриоттық, этикалық, әлеуметтік-адамгершілік, негізгі құзыреттіліктері мен өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын дамытуға бағытталған.

21. Оқыту мақсаттары әр сынып үшін бөлімдер бойынша берілген:

1) бейнелеу сауаттылық негіздері:

Бөлімшелер	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1.1 Өнер туындылары н қабылдау	1.1.1.1 қазақтың ұлттық және әлем мәдениетінің түрлі өнер туындыларын а эмоционалды жауап беру, дәстүрлерді сақтау және құрметтеу	2.1.1.1 қазақтың ұлттық және әлем мәдениетінің түрлі өнер туындыларымен танысу, өз еліне деген сүйіспеншілігін арттыру	3.1.1.1 қазақтың ұлттық және әлем мәдениетінің түрлі өнер туындыларын ың ерекшеліктері н анықтау	4.1.1.1 өнер туындылары н, қолөнерді, дизайнды, қазақтың ұлттық және әлем мәдениетін зерттегенде ерекшеліктер ді анықтап, түсіндіру, тарихи және мәдени мұраны зерттеуге қызығушылы қ таныту

1.2 Графика	1.1.2.1 базалық деңгейде техникалар мен тәсілдерді пайдалана отырып, графикалық материалдар мен құралдарды қолдану	2.1.2.1 техникалар мен тәсілдерді пайдалана отырып, графикалық материалдар мен құралдарды қолдану	3.1.2.1 шығармашылық жұмыс барысында күрделі техникалар мен тәсілдерді пайдалана отырып, графикалық материалдар мен құралдарды қолдану	4.1.2.1 күрделі техникалар мен тәсілдерді пайдалана отырып, таңдалған графикалық материалдар мен құралдарды өз бетімен пайдалану
1.3 Кескіндеме	1.1.3.1 базалық тәсілдер мен техниканы қолдана отырып, кескіндеме материалдары мен құралдарын қолдану	2.1.3.1 әртүрлі тәсілдер мен техниканы қолдана отырып, кескіндеме материалдары мен құралдарын қолдану	3.1.3.1 шығармашылық жұмыста кескіндеменің күрделі тәсілдері мен техникаларын қолдану	4.1.3.1 кескіндемеде әртүрлі күрделі тәсілдер мен техникаларды қолдану
1.4 Мүсін	1.1.4.1 базалық тәсілдер мен техниканы қолдана отырып, мүсіндеу материалдары мен құралдарын пайдалану, тапсырмаларды орындауда бір-біріне көмектесу	2.1.4.1 әртүрлі тәсілдер мен техникаларды қолдана отырып, мүсіндеу материалдары мен құралдарын қолдану	3.1.4.1 күрделі тәсілдер мен техникаларды қолдана отырып, мүсіндеу материалдары мен құралдарын пайдалану, басқаларға көмек көрсету	4.1.4.1 күрделі тәсілдер мен техникаларды қолдана отырып, өздігінен таңдалған мүсіндеу материалдары мен құралдарын пайдалану
1.5 Сәндік-қолданбалы өнер	1.1.5.1 базалық тәсілдер мен	2.1.5.1 әртүрлі тәсілдер мен техникаларды	3.1.5.1 күрделі тәсілдер мен техникаларды	4.1.5.1 күрделі тәсілдер мен

	техникаларды қолдана отырып, сәндік-қолданбалы өнердің материалдары мен құралдарын пайдалану	қолдана отырып, сәндік-қолданбалы өнер материалдары мен құралдарын пайдалану, өз міндеттерін жауапкершілікпен орындау	қолдана отырып, сәндік-қолданбалы өнер материалдары мен құралдарын пайдалану	техникаларды қолдана отырып, өздігінен таңдалған сәндік-қолданбалы өнер материалдары мен құралдарын қолданып, командада жұмыс істеу, бір-бірін тыңдау және ортақ мақсатқа жету
1.6 Дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу)	1.1.6.1 базалық тәсілдер мен техникаларды қолдана отырып, іс-әрекетте материалдар мен құралдарды пайдалану	2.1.6.1 әртүрлі құрылымдау және модельдеу тәсілдері мен техникаларын қолдана отырып, іс-әрекетте материалдар мен құралдарды пайдалану	3.1.6.1 күрделі құрылымдау және модельдеу тәсілдері мен техникаларын қолдана отырып, іс-әрекетте материалдар мен құралдарды пайдалану	4.1.6.1 күрделі құрылымдау және модельдеу тәсілдері мен техникаларын қолдана отырып, өздігінен таңдалған материалдар мен құралдарды пайдалану
1.5 Сәндік-қолданбалы өнер	1.1.5.1 базалық тәсілдер мен техникаларды қолдана отырып, сәндік-қолданбалы өнердің материалдары	2.1.5.1 әртүрлі тәсілдер мен техникаларды қолдана отырып, сәндік-қолданбалы өнер материалдары мен құралдарын пайдалану, өз	3.1.5.1 күрделі тәсілдер мен техникаларды қолдана отырып, сәндік-қолданбалы өнер материалдары мен	4.1.5.1 күрделі тәсілдер мен техникаларды қолдана отырып, өздігінен таңдалған сәндік-қолданбалы

	мен құралдарын пайдалану	міндеттерін жауапкершілікпен орындау	құралдарын пайдалану	өнер материалдары мен құралдарын қолданып, командада жұмыс істеу, бір-бірін тыңдау және ортақ мақсатқа жету
1.6 Дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу)	1.1.6.1 базалық тәсілдер мен техникаларды қолдана отырып, іс- әрекетте материалдар мен құралдарды пайдалану	2.1.6.1 әртүрлі құрылымдау және модельдеу тәсілдері мен техникаларын қолдана отырып, іс-әрекетте материалдар мен құралдарды пайдалану	3.1.6.1 күрделі құрылымдау және модельдеу тәсілдері мен техникаларын қолдана отырып, іс- әрекетте материалдар мен құралдарды пайдалану	4.1.6.1 күрделі құрылымдау және модельдеу тәсілдері мен техникалары н қолдана отырып, өздігінен таңдалған материалдар мен құралдарды пайдалану

2) көркем қызмет түрлері:

Бөлімшелер	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
2.1 Өнер туындылары н қабылдау	1.2.1.1 өнер туындыларын қарастыру және негізгі көркем материалдарды атау; өнер туындыларым ен және негізгі көркем материалдармен таныстыру	2.2.1.1 өнер туындыларын ың тақырыптарын және осы жұмыстарды орындауға арналған материалдарды талқылау	3.2.1.1 көркем шығармаларды орындаудың мәнерлі құралдары мен техникасын анықтау	4.2.1.1 жұмысты орындауда қолданылатын мәнерлі құралдар мен әдістерді салыстыру және түсіндіру, материалдар мен

				құралдарды ұқыпты пайдалану
2.2 Графика	1.2.2.1 графиканың түрлерін және жұмысты орындау техникасын атап көрсету және ажырату	2.2.2.1 графика түрлерінің көркемдік мәнерлілігінің негізгі құралдарын анықтау және жұмысты орындау техникасын сипаттау	3.2.2.1 графиканың әртүрлі жанрларының мәнерлі құралдарын салыстыру және графикалық әдістерді сипаттау	4.2.2.1 графиканың мәнерлі құралдары мен сәйкес техникалары н жіктеу, салыстыру және жүйелеу
2.3 Кескіндеме	1.2.3.1 кескіндеменің түрлерін және жұмысты орындау техникасын анықтау	2.2.3.1 кескіндеменің мәнерлі құралдарын анықтау және орындау техникасын сипаттау жұмыстарды жүргізу, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтау	3.2.3.1 кескіндеменің әртүрлі жанрларының мәнерлі құралдарын салыстыру және сипаттау кескіндемелік техникалар	4.2.3.1 кескіндеме жанрларыны ң мәнерлі құралдарына түсініктеме беру және жұмыстарды орындау техникалары н талдау
2.4 Мүсін	1.2.4.1 мүсіннің түрлерін атау және жұмысты орындау техникасын сипаттау	2.2.4.1 мүсін түрлерінің мәнерлі құралдарын анықтау және жұмысты орындау техникасын сипаттау	3.2.4.1 мүсін жанрларының мәнерлі құралдарын талдау және жұмыстарды орындау техникасын сипаттау, тапсырмаларды жауапкершілікп ен орындау	4.2.4.1 мүсін жанрларыны ң мәнерлі құралдарын түсіндіру және қолданылаты н орындау техникасын түсіндіру
2.5 Сәндік- қолданбалы өнер	1.2.5.1 «Табиғи пішіндер» ұғымдарын	2.2.5.1 сәндік- қолданбалы өнердің	3.2.5.1 сәндік- қолданбалы өнердің мәнерлі	4.2.5.1 сәндік- қолданбалы

	анықтау және жұмысты орындаудың базалық әдістерін сипаттау	мәнерлі құралдарын анықтау және жұмысты орындау техникасын сипаттау	құралдарын салыстыру және қолданылатын тәсілдерді сипаттау	өнердің мәнерлі құралдарын талдау және қолданылатын техникаларды түсіндіру, қауіпсіздік ережелерін сақтау
2.6 Дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу)	1.2.6.1 жобалау түрлерімен және жұмыстың орындалуын құрастыру мен модельдеудің базалық әдістерімен таныстыру	2.2.6.1 сәулет пен дизайнның қарапайым формаларын тану, қарапайым құрылыс техникасын сипаттау және модельдеу, өзіне-өзі қызмет көрсету және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қолдану	3.2.6.1 дизайн және сәулет түрлерін анықтау, күрделі құрастыру техникаларын қолдану және көркем туындыларды жасау үшін модельдеу	4.2.6.1 дизайнның мәнерлі құралдарын талдау және жұмыстарды орындауда қолданылатын техникаларға түсініктеме беру

3) қоршаған әлем:

Бөлімшелер	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
3.2 Графика	1.3.2.1 қоршаған ортаның ерекшеліктерін анықтау және графика құралдарының көмегімен таныс	2.3.2.1 қоршаған ортаның кейбір ерекшеліктерін сипаттау және графика құралдары арқылы таныс бейнелер мен	3.3.2.1 «бақылау арқылы сурет салу» және «есте сақтау арқылы сурет салу» ұғымдарының айырмашылықтары мен ұқсастықтарын түсіндіру, таныс пішіндерді бейнелеу үшін	4.3.2.1 «бақылау арқылы сурет салу» және «есте сақтау арқылы сурет салу» ұғымдарын түсіндіру, қоршаған дүниенің күрделі бейнелерінің ерекшеліктерін анықтау, олардың

	бейнелер мен пішіндерді бейнелеу; бейнелер мен пішіндер	пішіндерді бейнелеу	графикалық құралдарды пайдалану, қауіпсіздік шараларын сақтау	айырмашылықтарын, ұқсастықтарын мен байланыстарын анықтау, оны графика арқылы жеткізу
3.3 Кескіндеме	1.3.3.1 қоршаған ортаның ерекшелікт ерін анықтау және кескіндеме құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді жеткізу;	2.3.3.1 кескіндеме құралдары (түс, дақ, фактура және басқалары) арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді бейнелеу үшін «бақылау арқылы сурет салу» және «есте сақтау арқылы сурет салу» ұғымдарын қолдану	3.3.3.1 «бақылау арқылы сурет салу» және «есте сақтау арқылы сурет салу» ұғымдарының айырмашылықтары мен ұқсастықтарын түсіндіру, таныс пішіндерді бейнелеу үшін кескіндемені қолдану	4.3.3.1 «бақылау арқылы сурет салу» және «есте сақтау арқылы сурет салу» ұғымдарын талдау, қоршаған дүниенің күрделі бейнелерін интерпретациялау кескіндеме құралдарымен
3.4 Мүсін	1.3.4.1 қоршаған ортаның ерекшелікт ерін сипаттау және таныс бейнелер мен пішіндерді мүсіндеу	2.3.4.1 қоршаған ортаның ерекшеліктерін түсіндіру және мүсіндеу арқылы таныс бейнелерді білдіру	3.3.4.1 образдар мен пішіндерді зерттеуде қоршаған дүниенің ерекшеліктерін сипаттау, оларды ажырата білу және таныс образдар мен пішіндерді мүсіндеу	4.3.4.1 мүсін арқылы қоршаған дүниенің күрделі бейнелері мен пішіндерінің ерекшеліктерін сипаттау және жеткізу, олардың өзара байланысын анықтау, дағдылар мен білімдерді дамыту бойынша жұмыс

3.5 Сәндік-қолданбалы өнер	1.3.5.1 қоршаған ортаның ерекшелікт ерін жеткізу үшін сәндік-қолданбалы өнер құралдары н тану және қолдану	2.3.5.1 қоршаған ортадағы таныс бейнелер мен пішіндерді танып, оларды сәндік-қолданбалы өнер құралдары арқылы жеткізу	3.3.5.1 «стильдеу» ұғымын түсіндіру, оны сәндік-қолданбалы өнер құралдарымен образдар жасауда қолдану	4.3.5.1 сәндік-қолданбалы өнер құралдарымен қоршаған әлемнің күрделі бейнелері мен формаларының стилизациясын білдіру және түсіндіру
3.6 Дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу)	1.3.6.1 қоршаған ортаның ерекшелікт ерін тану және оларды құралдармен білдіру белгілі бейнелер мен пішіндерді н көмегімен дизайн және сәулет	2.3.6.1 қоршаған ортаның ерекшеліктер ін сипаттау және оларды құралдармен білдіру бейнелер мен пішіндердің көмегімен дизайн және сәулет	3.3.6.1 қоршаған ортаның ерекшеліктерін талдау және оларды құралдармен білдіру таныс бейнелер мен пішіндер арқылы дизайн және сәулет	4.3.6.1 дизайн және сәулет құралдарымен талдау, түсіндіру және беру қоршаған әлемнің бейнелері мен формалары, олардың айырмашылықтар ын, ұқсастықтары мен байланыстарын ашады

4) шығармашылық:

Бөлімшелер	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
4.2 Графика	1.4.2.1 өзінің графикалық жұмысының презентацияларының әртүрлі түрлерін ұсыну, алынған	2.4.2.1 графикалық әдістер мен тәсілдер арқылы сезімдер мен	3.4.2.1 ниетіне қарай графикалық жұмысының әртүрлі презентация түрлерін білу,	4.4.2.1 өзінің графикалық жұмысының презентацияларының түрлерін талдау, идеяларды генерациялау,

	мәліметтер негізінде қорытынды жасау	идеяларды білдіру	түсіну және түсіндіру	тәжірибеде стандартты емес шешімдерді қолдану
4.3 Кескіндеме	1.4.3.1 өзінің кескіндемелік жұмыстарының презентацияларының әртүрлі түрлерін ұсыну	2.4.3.1 техникалар мен тәсілдерді қолдана отырып, сурет салу арқылы сезімдер мен идеяларды білдіру	3.4.3.1 бейнелеу жұмыстарының презентацияларының күрделі түрлерін сипаттау	4.4.3.1 бейнелеу жұмыстарының презентацияларының әртүрлі түрлерін жіктеу және сипаттау, ойды жүзеге асыру үшін цифрлық және технологиялық дағдыларды меңгеру
4.4 Мүсін	1.4.4.1 модельдеудің негізгі техникалары мен әдістерін қолдана отырып, өз сезімдері мен идеяларын шығармашылықпен білдіру	2.4.4.1 білдіру мүсіндеу техникасы мен тәсілдерінің көмегімен сезімдер мен идеялар	3.4.4.1 ұсыну шығармашылық идеялар мен сезімдер, модельдеу әдістері мен тәсілдерін негізді түрде таңдау	4.4.4.1 білдіру сезімдер мен идеялар мүсіндеу арқылы, әртүрлі техникалар мен тәсілдерді біріктіру арқылы
4.5 Сәндік-қолданбалы өнер	1.4.5.1 негізгі сәндік техникалар мен тәсілдердің көмегімен өз сезімдері мен идеяларын шығармашылықпен білдіру	2.4.5.1 сәндік техникалар мен тәсілдер арқылы сезімдер мен идеяларды білдіру	3.4.5.1 сәндік техникалар мен тәсілдерді негізді түрде таңдай отырып, шығармашылық идеялар мен сезімдерді ұсыну	4.4.5.1 сәндік-қолданбалы өнердің мәнерлі құралдарын түсіндіру, қолданылатын техниканы түсіндіру, қауіпсіздік техникасын сақтау
4.6 Дизайн және сәулет (көркем құрылымдау)	1.4.6.1 құрылымдау мен модельдеудің	2.4.6.1 құрылымдау және модельде	3.4.6.1 құрылымдау және модельдеу әдістері мен	4.4.6.1 құрылымдау мен модельдеудің әртүрлі

және модельдеу)	негізгі техникалары мен тәсілдерін пайдалана отырып, дизайн және сәулет идеяларын шығармашылықпен ұсыну	у әдістері мен тәсілдерін пайдалана отырып, дизайн және сәулет идеяларын ұсыну	тәсілдерін дәлелді түрде таңдай отырып, дизайн және сәулет идеяларын ұсыну	техникалары мен тәсілдерін үйлестіре отырып, идеяларды ұсыну және сезімдерін білдіру
-----------------	---	--	--	--

Оқу мақсаттары кодпен белгіленеді. Кодтық белгідегі бірінші цифр сыныпты, екінші және үшінші цифрлар бөлім мен бөлімшені, төртінші цифр оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 2.2.1.4 кодында: «2» – сынып, «2» бөлім, «1» бөлімше, «4» – оқу мақсатының реттік саны.

22. Бөлімді және тақырыптарды оқытуға арналған сағат санын педагог бөледі.

23. Осы оқу бағдарламасы бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Бейнелеу өнері» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

4-параграф. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Бейнелеу өнері» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар

1) 1-сынып:

Ортақ тақырыптар	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқу мақсаттары
1-тоқсан			
1.Өзім туралы 2. Менің мектебім	Бейнелеу сауаттылық негіздері	1.1 Өнер туындыларын қабылдау	1.1.1.1 қазақтың ұлттық және әлем мәдениетінің түрлі өнер туындыларына эмоционалды жауап беру, дәстүрлерді сақтау және құрметтеу
		1.2 Графика	1.1.2.1 базалық әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, графикалық

			материалдар мен құралдарды қолдану
		1.3 Кескіндеме	1.1.3.1 базалық тәсілдер мен техниканы қолдана отырып, кескіндеме материалдары мен құралдарын қолдану
		1.4 Мүсін	1.1.4.1 базалық тәсілдер мен техниканы қолдана отырып, мүсіндеу материалдары мен құралдарын пайдалану, тапсырмаларды орындауда бір-біріне көмектесу
		1.5 Сәндік-қолданбалы өнер	1.1.5.1 базалық тәсілдер мен техникаларды қолдана отырып, сәндік-қолданбалы өнердің материалдары мен құралдарын пайдалану
		1.6 Дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу)	1.1.6.1 базалық тәсілдер мен техникаларды қолдана отырып, іс-әрекетте материалдар мен құралдарды пайдалану
2-тоқсан			
3. Менің отбасым және достарым 4. Бізді қоршаған әлем	Көркем қызмет түрлері	2.1 Өнер туындыларын қабылдау	1.2.1.1 өнер туындыларын қарастыру және негізгі көркем материалдарды атау
		2.2 Графика	1.2.2.1 графиканың түрлерін және жұмысты орындау техникасын атап көрсету және ажырату
		2.3 Кескіндеме	1.2.3.1 кескіндеменің түрлерін және жұмысты орындау техникасын анықтау
		2.4 Мүсін	1.2.4.1 мүсіннің түрлерін атау және жұмысты

			орындау техникасын сипаттау
		2.5 Сәндік-қолданбалы өнер	1.2.5.1 «Табиғи пішіндер» ұғымдарын анықтау және жұмысты орындаудың базалық әдістерін сипаттау
		2.6 Дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу)	1.2.6.1 дизайн түрлерін анықтау және жұмыстың орындалуын құрастыру мен модельдеудің базалық әдістерін атау
3-тоқсан			
5. Саяхат 6. Салт дәстүр мен ауыз әдебиеті	Қоршаған әлем	3.2 Графика	1.3.2.1 қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу, графика құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді көрсету
		3.3 Кескіндеме	1.3.3.1 қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін таныстыру, кескіндеме құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді көрсету
		3.4 Мүсін	1.3.4.1 қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерімен таныстыру, мүсіндеу арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді көрсету
		3.5 Сәндік-қолданбалы өнер	1.3.5.1 қоршаған әлемнің ерекшеліктерін жеткізу үшін сәндік-қолданбалы өнер құралдарымен таныстыру
		3.6 Дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу)	1.3.6.1 қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу, оларды дизайн және сәулет құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндер көмегі арқылы көрсету
4-тоқсан			

7. Демалыс және хобби 8. Дені сау ұрпақ – ел болашағы	Шығармашылық	4.2 Графика	1.4.2.1 өз графикалық жұмысының әртүрлі презентация түрлерімен таныстыру, алынған деректер негізінде қорытынды жасау
		4.3 Кескіндеме	1.4.3.1 кескіндеме жұмыстарының түрлі презентация түрлерімен таныстыру
		4.4 Мүсін	1.4.4.1 мүсіндеу техникалары мен тәсілдері арқылы өз сезімдері мен идеяларын шығармашылықпен көрсету
		4.5 Сәндік-қолданбалы өнер.	1.4.5.1 сәндік техникалар мен тәсілдер арқылы өз сезімдері мен идеяларын шығармашылықпен жеткізу
		4.6 Дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу)	1.4.6.1 құрылымдау және модельдеудің негізгі техникалары мен тәсілдерін пайдалана отырып, дизайн және сәулет идеяларын шығармашылықпен ұсыну

2) 2-сынып:

Ортақ тақырыптар	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқу мақсаттары
1-тоқсан			
1. Менің отбасым және достарым 2. Менің мектебім	Бейнелеу сауаттылығы негіздері	1.1 Өнер туындыларын қабылдау	2.1.1.1 қазақтың ұлттық және әлем мәдениетінің түрлі өнер туындыларымен танысу, өз еліне деген сүйіспеншілігін көрсету

		1.2 Графика	2.1.2.1 техникалар мен тәсілдерді пайдалана отырып, графикалық материалдар мен құралдарды қолдану
		1.3 Кескіндеме	2.1.3.1 әр түрлі тәсілдер мен техниканы қолдана отырып, кескіндеме материалдары мен құралдарын қолдану
		1.4 Мүсін	2.1.4.1 әртүрлі тәсілдер мен техникаларды қолдана отырып, мүсіндеу материалдары мен құралдарын қолдану
		1.5 Сәндік-қолданбалы өнер	2.1.5.1 әртүрлі тәсілдер мен техникаларды қолдана отырып, сәндік-қолданбалы өнер материалдары мен құралдарын пайдалану, өз міндеттерін жауапкершілікпен орындау
		1.6 Дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу)	2.1.6.1 әртүрлі құрылымдау және модельдеу тәсілдері мен техникаларын қолдана отырып, іс-әрекетте материалдар мен құралдарды пайдалану
2-тоқсан			
3. Менің туған өлкем 4. Жыл мезгілдері	Көркем қызмет түрлері	2.1 Өнер туындыларын қабылдау	2.2.1.1 өнер туындыларының тақырыптарын және оларды орындау материалдарын талқылау
		2.2 Графика	2.2.2.1 графика түрлерінің көркемдік мәнерлілік құралдарын және жұмысты орындау техникасын білу

		2.3 Кескіндеме	2.2.3.1 кескіндеме түрлерінің көркемдік бейнелеу құралдарын және жұмыстың орындалу техникасын білу, қауіпсіздік ережелерін сақтау
		2.4 Мүсін	2.2.4.1 мүсін түрлерінің көркемдік бейнелеу құралдарын және жұмыстың орындалу техникасын білу
		2.5 Сәндік-қолданбалы өнер	2.2.5.1 сәндік-қолданбалы өнердің көркемдік бейнелеу құралдарын және жұмысты орындау техникасын білу
		2.6 Дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу)	2.2.6.1 жұмысты орындау үшін сәулет және дизайн пішіндерінің қарапайым түрлерін, құрылымдау және модельдеудің техникаларын білу, өз-өзіне қызмет көрсету және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қолдану
3-тоқсан			
5. Салт дәстүр мен ауыз әдебиеті 6. Дені саудың - жаны сау	Қоршаған әлем	3.2 Графика	2.3.2.1 қоршаған ортаның кейбір ерекшеліктерін сипаттау және графика құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді бейнелеу
		3.3 Кескіндеме	2.3.3.1 кескіндеме құралдары (түс, дақ, текстура және т.б.) арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді жеткізу үшін «бақылау арқылы сурет салу» және «есте сақтау арқылы сурет

			салу» ұғымдарын қолдану
		3.4 Мүсін	2.3.4.1 қоршаған ортаның ерекшеліктерін түсіндіру және мүсіндеу арқылы таныс бейнелерді білдіру
		3.5 Сәндік-қолданбалы өнер	2.3.5.1 қоршаған ортадағы таныс бейнелер мен пішіндерді танып, оларды сәндік-қолданбалы өнер құралдары арқылы жеткізу
		3.6 Дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу)	2.3.6.1 қоршаған ортаның ерекшеліктерін сипаттау және оларды бейнелер мен пішіндердің көмегімен дизайн және сәулет құралдары арқылы көрсету
4-тоқсан			
7. Табиғат әлемі 8. Ғажайыптар әлемі	Шығармашылық	4.2 Графика	2.4.2.1 графикалық әдістер мен тәсілдер арқылы сезімдер мен идеяларды білдіру
		4.3 Кескіндеме	2.4.3.1 техникалар мен тәсілдерді қолдана отырып, сурет салу арқылы сезімдер мен идеяларды білдіру
		4.4 Мүсін	2.4.4.1 мүсіндеу техникасы мен тәсілдерінің көмегімен өз сезімдері мен идеяларын шығармашылықпен білдіру
		4.5 Сәндік-қолданбалы өнер.	2.4.5.1 сәндік техникалар мен тәсілдер арқылы сезімдер мен идеяларды білдіру
		4.6 Дизайн және сәулет (көркем	2.4.6.1 құрастыру және модельдеу әдістері мен

		құрылымдау және модельдеу)	тәсілдерін пайдалана отырып, дизайн және сәулет идеяларын ұсыну;
--	--	----------------------------	--

3) 3-сынып:

Ортақ тақырыптар	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқу мақсаттары
1-тоқсан			
1. Табиғат - менің үйім 2 Менің Отаным-Қазақстан	Бейнелеу сауаттылығы негіздері	1.1 Өнер туындыларын қабылдау	3.1.1.1 қазақтың ұлттық және әлем мәдениетінің түрлі өнер туындыларының ерекшеліктерін анықтау
		1.2 Графика	3.1.3.1 шығармашылық жұмыста кескіндеменің күрделі тәсілдері мен техникаларын қолдану
		1.3 Кескіндеме	3.1.3.1 шығармашылық жұмыста кескіндеменің күрделі тәсілдері мен техникасын қолдану
		1.4 Мүсін	3.1.4.1 күрделі тәсілдер мен техникаларды қолдана отырып, мүсіндеу материалдары мен құралдарын пайдалану, басқаларға көмек көрсету
		1.5 Сәндік-қолданбалы өнер	3.1.5.1 күрделі тәсілдер мен техникаларды қолдана отырып, сәндік-қолданбалы өнер материалдары мен құралдарын пайдалану
		1.6 Дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу)	3.1.6.1 күрделі құрылымдау және модельдеу тәсілдері мен техникаларын қолдана отырып, іс-әрекетте материалдар мен құралдарды пайдалану
2-тоқсан			

3. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен 4. Өнер әлемінде	Көркем қызмет түрлері	2.1 Өнер туындыларын қабылдау	3.2.1.1 көркем шығармаларды орындаудың мәнерлі құралдары мен техникасын анықтау
		2.2 Графика	3.2.2.1 графиканың әртүрлі жанрларының мәнерлі құралдарын салыстыру және графикалық әдістерді сипаттау
		2.3 Кескіндеме	3.2.3.1 кескіндеменің әртүрлі жанрларының мәнерлі құралдарын салыстыру және кескіндеме техникасын сипаттау
		2.4 Мүсін	3.2.4.1 мүсін жанрларының мәнерлі құралдарын талдау және жұмыстарды орындау техникасын сипаттау, тапсырмаларды жауапкершілікпен орындау
		2.5 Сәндік-қолданбалы өнер	3.2.5.1 сәндік-қолданбалы өнердің мәнерлі құралдарын салыстыру және қолданылатын тәсілдерді сипаттау
		2.6 Дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу)	3.2.6.1 дизайн және сәулет түрлерін анықтау, көркем туындыларды жасау үшін күрделі құрастыру және модельдеу әдістерін қолдану
3-тоқсан			
5. Атадан қалған асыл мұра 6. Атақты тұлғалар	Қоршаған әлем	3.2 Графика	3.3.2.1 «бақылау арқылы сурет салу» және «есте сақтау арқылы сурет салу» ұғымдарының айырмашылықтары мен ұқсастықтарын түсіндіру, таныс пішіндерді бейнелеу үшін графикалық

			құралдарды пайдалану, қауіпсіздік шараларын сақтау
		3.3 Кескіндеме	3.3.3.1 «бақылау арқылы сурет салу» және «есте сақтау арқылы сурет салу» ұғымдарының айырмашылықтары мен ұқсастықтарын түсіндіру, қолдану «Кескіндеме» таныс формаларды жеткізу үшін
		3.4 Мүсін	3.3.4.1 образдар мен пішіндерді зерттеуде қоршаған дүниенің ерекшеліктерін сипаттау, оларды ажырата білу және таныс образдар мен пішіндерді мүсіндеу
		3.5 Сәндік-қолданбалы өнер	3.3.5.1 «стильдеу» ұғымын түсіндіру, оны сәндік-қолданбалы өнер құралдарымен образдар жасауда қолдану
		3.6 Дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу)	3.3.6.1 қоршаған ортаның ерекшеліктерін талдау және оларды таныс бейнелер мен пішіндер арқылы дизайн және сәулет құралдары арқылы көрсету
4-тоқсан			
7. Бәрін білгім келеді 8. Демалыс мәдениеті, мерекелер	Шығармашылық	4.2 Графика	3.4.2.1 мақсатына байланысты графикалық жұмыстарды ұсынудың әртүрлі тәсілдерін түсіндіру
		4.3 Кескіндеме	3.4.3.1 бейнелеу жұмыстарының презентацияларының күрделі түрлерін сипаттау
		4.4 Мүсін	3.4.4.1 мүсіндеу техникасы мен тәсілдерін негізді

			түрде таңдай отырып, шығармашылық идеялар мен сезімдерді ұсыну
		4.5 Сәндік-қолданбалы өнер.	3.4.5.1 сәндік техникалар мен тәсілдерді негізді түрде таңдай отырып, шығармашылық идеялар мен сезімдерді ұсыну
		4.6 Дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу)	3.4.6.1 құрастыру және модельдеу әдістері мен тәсілдерін дәлелді түрде таңдай отырып, дизайн және сәулет идеяларын ұсыну

4) 4-сынып:

Ортақ тақырыптар	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқу мақсаттары
1-тоқсан			
1. Кең байтақ Қазақстаным 2. Адам болам десеңіз	Бейнелеу сауаттылығы негіздері	1.1 Өнер туындыларын қабылдау	4.1.1.1 өнер туындыларын, қолөнерді, дизайнды, қазақтың ұлттық және әлем мәдениетін зерттегенде ерекшеліктерді анықтап, түсіндіру, тарихи және мәдени мұраны зерттеуге қызығушылық таныту
		1.2 Графика	4.1.2.1 күрделі техникалар мен тәсілдерді пайдалана отырып, таңдалған графикалық материалдар мен құралдарды өз бетімен пайдалану
		1.3 Кескіндеме	4.1.3.1 кескіндемеде әртүрлі күрделі тәсілдер мен техникаларды қолдану
		1.4 Мүсін	4.1.4.1 күрделі тәсілдер мен техникаларды қолдана отырып, өздігінен таңдалған мүсіндеу

			материалдары мен құралдарын қолдану
		1.5 Сәндік-қолданбалы өнер	4.1.5.1 күрделі тәсілдер мен техникаларды қолдана отырып, өздігінен таңдалған сәндік-қолданбалы өнер материалдары мен құралдарын қолданып, командада жұмыс істеу, бір-бірін тыңдау және ортақ мақсатқа жету
		1.6 Дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу)	4.1.6.1 күрделі құрылымдау және модельдеу тәсілдері мен техникаларын қолдана отырып, өздігінен таңдалған материалдар мен құралдарды пайдалану
2 -тоқсан			
3.Мәдени мұра 4. Мамандықтар әлемі	Көркем қызмет түрлері	2.1 Өнер туындыларын қабылдау	4.2.1.1 жұмысты орындауда қолданылатын мәнерлі құралдар мен әдістерді салыстыру және түсіндіру, материалдар мен құралдарды ұқыпты пайдалану
		2.2 Графика	4.2.2.1 графика мен бейнелеудің мәнерлі құралдарын жіктеу, салыстыру және жүйелеу тиісті техникалар
		2.3 Кескіндеме	4.2.3.1 кескіндеме жанрларының мәнерлі құралдарына түсініктеме беру және жұмыстарды орындау техникасына талдау жасау
		2.4 Мүсін	4.2.4.1 мүсін жанрларының мәнерлі құралдарын түсіндіру және

			қолданылатын орындау техникасын түсіндіру
		2.5 Сәндік-қолданбалы өнер	4.2.5.1 сәндік-қолданбалы өнердің мәнерлі құралдарын талдау және қолданылатын техникаларды түсіндіру, қауіпсіздік ережелерін сақтау
		2.6 Дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу)	4.2.6.1 дизайнның мәнерлі құралдарын талдау және жұмыстарды орындауда қолданылатын техникаларға түсініктеме беру
3-тоқсан			
5. Атадан қалған асыл мұра 6. Қоршаған ортаны қорғау	Қоршаған әлем	3.2 Графика	4.3.2.1 «бақылау арқылы сурет салу» және «есте сақтау арқылы сурет салу» ұғымдарын түсіндіру, қоршаған дүниенің күрделі бейнелерінің ерекшеліктерін анықтау, олардың айырмашылықтарын, ұқсастықтары мен байланыстарын анықтау, оны графика арқылы жеткізу
		3.3 Кескіндеме	4.3.3.1 «бақылау арқылы сурет салу» және «есте сақтау арқылы сурет салу» ұғымдарын талдау, кескіндеме арқылы қоршаған дүниенің күрделі бейнелерін түсіндіру
		3.4 Мүсін	4.3.4.1 мүсін арқылы қоршаған дүниенің күрделі бейнелері мен пішіндерінің ерекшеліктерін сипаттау және жеткізу, олардың өзара байланысын анықтау, дағдылар мен

			білімдерді дамыту бойынша жұмыс
		3.5 Сәндік-қолданбалы өнер	4.3.5.1 сәндік-қолданбалы өнер құралдарымен қоршаған әлемнің күрделі бейнелері мен формаларының стилизациясын білдіру және түсіндіру
		3.6 Дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу)	4.3.6.1 дизайн және сәулет құралдары арқылы қоршаған әлемнің бейнелері мен формаларын талдау, түсіндіру және жеткізу, олардың айырмашылықтарын, ұқсастықтары мен байланыстарын анықтау
4 -тоқсан			
7. Болашаққа саяхат 8. Таңғажайып оқиғалар	Шығармашылық	4.2 Графика	4.4.2.1 өзінің графикалық жұмысының презентацияларының түрлерін талдау, идеяларды генерациялау, тәжірибеде стандартты емес шешімдерді қолдану
		4.3 Кескіндеме	4.4.3.1 кескіндемелік жұмыстарының презентацияларының әртүрлі түрлерін жіктеу және сипаттау, ойды жүзеге асыру үшін цифрлық және технологиялық дағдыларды меңгеру
		4.4 Мүсін	4.4.4.1 әртүрлі техникалар мен тәсілдерді үйлестіре отырып, мүсіндеу арқылы сезімдер мен идеяларды білдіру

		4.5 Сәндік-қолданбалы өнер.	4.4.5.1 сәндік-қолданбалы өнердің мәнерлі құралдарын түсіндіру, қолданылатын техниканы түсіндіру, қауіпсіздік техникасын сақтау
		4.6 Дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу)	4.4.6.1 құрастыру мен модельдеудің әртүрлі техникалары мен тәсілдерін үйлестіре отырып, идеяларды ұсыну және сезімдерін білдіру

Бағдарламаның құрылымы ортақ тақырыптардан, бөлімдерден және бөлімшелерден тұрады. Орта мерзімді тақырыптық жоспарлау кезінде бөлімдер мен бөлімшелердің мақсаттарына назар аударған жөн. Ортақ тақырыптарды оқу-тәрбие үдерісінің бір бөлігі ретінде және бастауыш мектепте пәнаралық байланысты біріктіретін, интерграцияланатындай қолдану ұсынылады. Ортақ тақырыптар сабақтың тақырыбын құрмай, оны толықтырады.